

**С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлытық
медицина университеті.**

Тақырыбы: Акушерлік перитонит. Жайылған
септикалық инфекция.

Орындаған:

Тобы:

Қабылдаған:

Жоспары

- Кіріспе
- Перитонитке жалпы түсініктеме.
- Негізгі бөлім
- Перитониттің негізгі себептері.
- Перитониттің дамуының негізгі фазалары.
- Қорытынды
- Қолданылған әдебиеттер

Перитонит - босанғаннан кейінгі ішпердесінің қабынуы екінші, үшінші, сегізінші күндері байқалады. Ішперде қуысында іріңді және іріңсіз сұйықтық пайда болады; дене ыстығы көтеріліп, тамыр соғуы жиілейді, іштің төменгі жағы ауырып, жүрек айну, құсу пайда болады. Үлкен дәрет іште қатады, іш қатты кеуіп, іш перденің тітіркену белгілері анықталады. Бірақ ауру белгілері көбнесе жасырын түрде өтеді. Соңғы жылдары кесар тілігінен кейінгі ішпердесінің қабынуы өте жиі кездеседі.

Негізгі себептері.

- ❖ Қағанак суының мезгілсіз кетуі(12 сағаттан асуы);
- ❖ Операция алдындағы қынаптық зерттеудің көптігі;
- ❖ Босану әрекеттерінің ұзаққа созылуы;
- ❖ Жатыр тігісінің ажырауы;

Фазалары

- Бұл фазада: іш ұуысында сарысу жиналып, оған қанның ақ түйіршіктері мен фибрин қосылып қоюланып, іріңді-қанды сарысуға айналады. Сарысу қайтадан ішекке сіңбегендіктен, қанайналымыч төмендеп, гипволемия айқындалады.
- Бұл фаза улану. Қанайналымы бұзылып, қан іш қуысының көк тамырында бөгеледі, организмнің қорғаныштық, бейімділігі, бүйректің, бауырдың қызметі төмендейді, зат алмасу жүйелері бұзылып, ішектің қимылы тоқталып әйелде жиі құсық пайда болады, уланудың артуымен мүшелердің қанайналымы бұзылады.

Фазалары

- Терминалдық фаза. Қан қысымы жүректің соғуы төмендеп, бүкіл организмнің улануынан әйел сандырақтап, есінен танады, септикалық шок дамиды.
- Бұл фазада сепсис болады бұл патологиялық қалып, микроорганизімдердің ыдырығуы салдарынан, оның уыты септикалық ошақтан өне бойы қанға және бүкіл мүшелерге жайылып, іріңдетеді.

Акушерия тәжірбиесінде шешілмеген күрделі мәселелердің бірі босанғаннан кейінгі инфекциялық аурулар: бұл асқынудың жоғарлау себептері: әйелдің жалпы денсаулығының төмендеуі экономикалық, экологиялық жағдайларға байланысты, жүктілік пен босану асқынуларының артуы; ауру қоздыратын микробтардың біреу емес бірнешеу болуы, аурухана ішілік госпитальдық инфекцияның өсуі. Сонымен қатар әйел босанғаннан кейін әлсізденіп әр түрлі инфекцияға сезімтал келеді, оның организмінің иммунологиялық қасиеті төмендейді. Осы мезгілде ана организміне жарақаттанған босану жолдарынан жатыр мойын өзегі немесе қан, лимфа арқылы микробтар енеді.

Босанғаннан кейінгі кезеңнің септикалық аурулары.

1сатысы-аралық,қынап қабырғасының,жатыр мойнының жаралары,жатырдығ қабынуы.

2сатысы-инфекция тек кіші жамбас қуысымен шектеледі:жатыр,жатыр маңының,жатыр қосалқы бөліктерінің, кіші жамбас іш пердесінің,жатыр,жамбас қан тамырларының қабынуы.

3сатысы-инфекция кіші жамбас қуысынан шығып, қанға тарайды. Іш пердесінің қабынуы(перитонит) септикалық шок.

4сатысы-инфекция қан арқылы бүкіл денеге жайылады, сепсис,септиметция.

Емдеу жолдары.

- Ем жан жақты болуы керек. Біріншіден жатыр қуысында бала жолдасының бөліктерінің қалдығын анықтайды (УДЗ арқылы) Егер жатыр қуысында бала жолдасының қалдығы анықталса, жатыр қуысын тазалап, жатыр үстіне мұз қойып (10-15 минуттай) түрлі антибиотиктерді каамицин, ампициллин, гентамицин, ампиокс т.б. және улануға қарсы дезинтоксикациялық сұйықтықтарды (гемодез, реоплиглюкин) сонымен қатар әйелдің күш қуатын көтеру үшін белоктық заттар мен витаминдерді кеңінен қолданады.

Алдын алудағы негізгі принциптер:

- Ана мен бала денсаулығын қорғаудың алдын алу көптеген жетістіктерге жетті. Алдын алу шаралардың жекеленген, қоғамдық және біріншілік, екіншілік жолдары бар.
- Жекеленген алдын алу шарасы жүкті, босанып жатқан, босанғаннан кейінгі әйелдің жеке гигиенасына, тамақтануына бағытталған.
- Қоғамдық шаралар халықтың денсаулығын сақтауға негізделген (еңбек, тұрмыс жағдайын жақсарту).

• Біріншілік шаралар әлеуметтік, медициналық, гигиеналық және тәрбиелік бағытқа негізделген. Екіншілік шаралар ауруды ерте анықтауға, оның дамуының және асқынуының алдын алуға негізделген.

Акушерия патологиясының алдын алудағы негізгі принциптердің бірі жүкті және босанған әйелдерді диспансерлеу. Жүкті әйелдерді диспансерлеуде жүктіліктің асқынуын ерте анықтап, оны өз мезгілінде емдеу.

Қолданылған әдебиттер:

Р.С.Бейсембаева, Ә.Т.Раисова, Р.Ғ.
Нұрқасымова “Акушерия”

В.Н.Серов “Акушерский сепсис-диагностика
и терапия” Москва 2000г

И.Р.Зак Н.Н.Куликова “Послеродовые
инфекционные заболевания” Москва 2000г

[www.google ru](http://www.google.ru)